«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кенжекожаева Ақботаның «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

<table>
<tr><th>р/н №</th><th>Өлшемшарттар</th><th>Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)</th><th>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)</th></tr>
<tr><td rowspan="4">1.</td><td rowspan="4">Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</td><td>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</td><td rowspan="4">«Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес:

- Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);

- Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.</td></tr>
<tr><td>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</td></tr>
<tr><td>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</td></tr>
<tr><td>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</td></tr>
</table>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу тақырыбы өзекті әрі ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертациялық жұмыс түркі халықтарының ортақ рухани мұрасын жүйелеп, мәдени және дүниетанымдық бірлікті ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми маңызы мынадай бағыттар арқылы айқындалады: Қожанасыр бейнесі арқылы түркі халықтарының тарихи-мәдени тұтастығы мен ортақ фольклорлық негіздерін айқындайды; Әдеби және мәдени байланыстарды салыстырмалы талдау арқылы түркі интеграциясының ғылыми негізін көрсетеді; Қожанасыр есіміне қатысты фольклорлық мұра арқылы этникалық бірегейлікті және ұрпақтар сабақтастығын зерделейді; Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансформациясын талдап, бұл бейненің өміршеңдігін дәлелдейді; Қожанасыр образы арқылы дін мен халық даналығының өзара байланысын және моральдық-этикалық құндылықтардың мәнін ашады; Жалпы алғанда, зерттеу түркілік рухани кодты терең түсінуге және

			ортақ мәдени мұраны жаңаша пайымдауға зор үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Ізденушінің ғылыми жазу машығы қалыптасқан және ол академиялық талаптарға толық сәйкес келеді. Автор өз ойын нақты әрі ғылыми тұрғыда негіздеп жеткізеді. Жазу барысында ғылыми стильдің нормалары орынды пайдаланылған. Күрделі теориялық ұғымдар айқын әрі түсінікті баяндалған. Пікір білдіруде зерттеуші бейтараптық пен объективтілік ұстанымдарын сақтаған. Диссертациялық жұмыста академиялық жазу мәдениетінің талаптары бұлжымай орындалған, ғылыми аппарат сауатты құрылған. Деректерді талдау, жүйелеу және қорытындылау үдерісі нақты әрі дәйекті жүргізілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі ғылыми, мәдени және танымдық тұрғыдан негізделіп, заманауи талаптармен толық үйлеседі. Қорғауға ұсынылған зерттеу жұмысында ішкі логикалық бірлік принципі сақталған. Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен Қожанасыр бейнесі – халық даналығы мен юморлық

			ойлау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар, дін, мораль және әлеуметтік қатынастардың фольклордағы көрінісін айқындайтын күрделі символдық тұлға болып табылады. Бұл зерттеу түркі халықтарының тарихи-мәдени тұтастығын, рухани сабақтастығын, фольклорлық жады мен ұлттық дүниетанымын танытуға бағытталғандықтан, тақырыптың ғылыми әрі мәдени маңызы жоғары. Сондай-ақ, қазіргі гуманитарлық ғылымдарда этномәдени код, архетиптік бейне және халықтық таным мәселелеріне баса назар аударылып отырғаны зерттеу өзектілігін одан әрі күшейте түседі. Зерттеу өзектілігі төмендегі негіздермен айқындалады: Қожанасыр бейнесіндегі діни, этикалық және эстетикалық мазмұндарды терең ашу қажеттілігі; Фольклорлық дәстүр мен қазіргі заманғы дүниетаным арасындағы сабақтастықты ғылыми тұрғыдан дәлелдеу талабы; Қазақ және өзге түркі халықтарының әдеби-мәдени байланыстарын салыстырмалы тұрғыда зерделеудің маңыздылығы; Қожанасыр образының қазіргі медиа кеңістіктегі және дәстүрлі ауыз

			әдебиетіндегі өміршеңдігін зерттеу қажеттілігі; Қожанасыр арқылы күлкі мәдениетінің тұрақты моделін айқындау; Түркі интеграциясы үдерісінде ортақ мәдени кодтарды ғылыми тұрғыдан қайта пайымдау.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толық ашады. Бұған келесі дәлелдер негіз болады: Зерттеу нысаны мен пәні жұмыстың мазмұнында нақты айқындалған. Қожанасыр бейнесі теориялық және қолданбалы тұрғыдан жан-жақты талданып, тақырыптың өзектілігін толық қамтыған. Тақырып пен мазмұн арасында ішкі логикалық байланыс сақталған. көтерілген мәселелер теориялық тұрғыда негізделіп, нақты практикалық мысалдармен дәлелденеді. Мақсат пен міндеттер жұмыстың ғылыми бағытын айқындай отырып, мазмұнның құрылымына бағыт береді. Бұл диссертацияның тақырыпты толық ашуына мүмкіндік жасаған. Мазмұн құрылымы зерттеудің жаңалығын және өзектілігін көрсетеді. Ұсынылған тың тұжырымдар мен салыстырмалы

			талдаулар жұмыстың ғылыми маңызын күшейтеді. Диссертацияның бірінші тарауында Қожанасыр туралы алғашқы деректердің жинақталуы мен жариялануы, оның бейнесінің шығу тегі мен түпбейнесі сияқты маңызды мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ, Қожанасыр есімінің антропонимиялық ерекшеліктері мен оның географиялық таралуы түркі халықтарының этномәдени сипатымен байланыста талданған. Автор қазақ фольклорындағы Қожанасыр бейнесінің зерттелу деңгейін нақты көрсетіп, оны жалпы түркі фольклорындағы зерттеу ахуалымен салыстырған. Екінші тарауда Қожанасыр бейнесінің түркі халықтары фольклорындағы ортақ және ерекшеленетін қырлары қарастырылып, оның іс-әрекетіндегі сопылық ілімге тән дүниетанымдық белгілер талданған. Сонымен қатар, Қожанасыр туралы әңгімелердегі уақыт, кеңістік және қозғалыс категориялары да қарастырылған. Автор Қожанасыр бейнесін халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан, заман талабына сай жаңарып, қазіргі фольклорда жаңа

			сипат алған өміршең образ ретінде дәлелдеп көрсетеді. Жалпы зерттеудің ішкі тұтастығы нысан (Қожанасыр бейнесі), пән (фольклорлық типология мен мәдени қызмет), мақсат, міндеттер және әдіснамалық ұстанымдардың бір бағытта тоғысуынан байқалады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері нақты белгіленген, тақырыбына сәйкес келеді. Бұл мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер жүйелі және өзара байланыста құрылып, зерттеу нысанының аясын нақтылайды. Әрбір міндет тақырыптың теориялық, практикалық және салыстырмалы аспектілерін қамти отырып, жұмыстың мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация кіріспеден, тараушаларға бөлінген негізгі екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Аталған бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Жұмыстың құрылымы ізденушінің алға қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес жүйеленген. Ғылыми жүйе сақталған.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Ізденуші түркі халықтары ғалымдарының фольклортану саласындағы маңызды еңбектері мен отандық ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып жұмыс жүргізген. Зерттеуде сыни талдау әдісінің қолданылғаны келесі тұжырымдардан айқын көрінеді: Қожанасыр бейнесіне арналған ғылыми еңбектер жан-жақты қарастырылып, салыстырмалы зерттеу тұрғысынан сараланған; Қазақ және өзге түркі халықтарының Қожанасыр туралы нұсқалары салыстырылып, олардың ортақ және айрықша белгілері айқындалған; Қожанасыр бейнесіндегі әлеуметтік, моральдық және философиялық қырлар сыни пайым арқылы ашылған; Қазақ фольклорындағы Қожанасыр мен Алдар көсе образдары салыстырмалы талдау нысаны ретінде алынған; Фольклорлық мәтіндердегі астарлы мағына, ирония мен сатира элементтері сын тұрғысынан зерттелген; Қожанасыр бейнесінің діни және этикалық мазмұны түркі дүниетанымы тұрғысынан қарастырылған; Қазіргі әдебиеттегі Қожанасыр бейнесінің трансформациясы талданған;
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			Жалпы алғанда, зерттеу барысында жүргізілген салыстыру мен бағалау жұмыстың ғылыми маңызын күшейтіп, жаңа көзқарастардың өзектілігін айқындай түскен.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертант Кенжекожаева Ақботаның диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Автор Қожанасырды жеке образ ретінде ғана емес, түркі халықтарының бірегейлігін танытатын ортақ фольклорлық бейне ретінде қарастырған. Сонымен қатар, зерттеудің жаңалығы тек мазмұндық деңгейде емес, ізденуші ұстанған зерттеу логикасы мен талдау тәсілінен де байқалады. Бұл нәтижелер қазіргі фольклортанудың бағыттарын түрлендіріп, Қожанасыр туралы мәтіндерді кешенді талдаудың үлгісін көрсетеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Атап айтқанда: Қожанасыр бейнесінің шығу тегі жөніндегі тұжырымдар талданып, оның бейнесіне қатысты алғашқы деректердің жинақталуы, жариялануы мен зерттелуі туралы еңбектер жүйеленді; Қожанасыр бейнесінің түрлі халықтардағы антропонимдік алуан түрлілігі
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			талданды; Қазақ фольклорындағы Қожанасыр бейнесінің зерттелуі мен репрезентациясы сараланды; Өзге түркі халықтары (ұйғыр, татар, түрік, өзбек және қырғыз) фольклорында Қожанасыр бейнесінің зерттелу мәселелері қарастырылып, өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырылды; Қожанасыр туралы «Өлген қазан» әңгімесінің түрлі түркі халықтарындағы нұсқаларына салыстырмалы талдау жүргізілді, мәдени-әдеби контекст аясында мәтіннің бейімделуі мен өзгерістері айқындалды; Қожанасыр бейнесінің сопылық табиғаты айқындалып, ол туралы туындылардағы сопылық ілімнің негізгі тұжырымдары сараланды; Қожанасыр туралы туындылардағы қозғалыс, уақыт және кеңістік категориялары талданды; Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансформациясы зерделенді. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар фольклор мен мәдениеттанудың шекарасын кеңейтіп, жаңа бағыттағы ізденістерге негіз бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыстың ғылыми нәтижелері тың сипатқа ие.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Бұл шешімдер заманауи ғылым мен білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес келеді және оларды практикалық қызмет салаларында, әсіресе білім беру, мәдениет, әлеуметтік даму бағыттарындағы жобаларды жүзеге асыру барысында қолдануға толық мүмкіндік бар.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Qualitative research ұстанымдары тұрғысынан алғанда, диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде жазылған деп бағалауға болады. Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелдермен негізделген. Зерттеуде қолданылған талдау әдістері әрбір қорытындының сенімділігін арттыра түседі. Автордың ұсынған пікірлері біржақты емес, түрлі баламалы көзқарастармен салыстырыла талданған. Жұмыста теориялық негіздер мен практикалық аспектілердің өзара байланысы сақталған, бұл зерттеу нәтижелерінің қолданбалы маңызын көрсетеді. Сонымен қатар, диссертант әрбір ойын тек сипаттап қоймай, оны жүйелі түрде талдап, ғылыми қауымдастықта

			қалыптасқан ұғымдармен ұштастырған әрі өз ұстанымын анық жеткізген. Қорытынды бөлімде келтірілген нәтижелер зерттеудің толыққанды жүргізілгенін және нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілгенін дәлелдейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең**	7.1. Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында 11 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 1, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесінде – 2, халықаралық конференцияларда – 8 мақала жарияланған. Барлық мақала диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста әдіснама негізделген, дәйектілік қағидаты қатаң сақталған. Атап айтқанда, Қожанасыр бейнесінің түркі халықтары фольклорындағы эволюциясын, сондай-ақ, ұқсастықтары мен өзгешеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы-тарихи әдіс; Қожанасыр есімін, сәлде, шапан секілді элементтер мен есек бейнесін талдау мақсатында құрылымдық-семантикалық талдау әдісі; Қожанасыр бейнесін түркі халықтарының бірегейлігі, ортақ мәдени мұрасы, рухани-философиялық құндылықтар контексінде қарастыру барысында мәдени-релятивизм әдісі; Қожанасыр бейнесіне қатысты әңгімелердегі сопылық және этикеттік астарларды айқындау мақсатында философиялық және герменевтикалық әдіс; Қожанасыр бейнесінің қазіргі әдебиеттегі трансформациялары мен түрлі
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

			интерпретацияларын қарастыру мақсатында интермәтіндік талдау әдісі қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ия. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан тиянақты негізделген, отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық материалдарына нақты сілтемелер жасау арқылы дәлелденген. Ұсынылған теориялық тұжырымдардың практикалық қолданбалығы мен зерттеу нәтижелерінің ішкі логикалық тұтастығы толық сақталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант зерттеу барысында осы уақытқа дейін жазылған ғылыми тұжырымдарды, пікірлерді жан-жақты зерделеген. Өз пікірін дәйекті түрде жеткізу үшін отандық және шетелдік фольклортанушылардың

			теориялық-әдіснамалық еңбектерін басшылыққа алған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Түркия Республикасы, Эге университетінің Орталық кітапханасы, Эге университеті жанындағы Түркі әлемі зерттеулері институтының Фикрет Туркмен атындағы кітапханасы, ҚР БҒМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклортану бөлімінің кітап қорлары, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасының қорларындағы материалдарды тиімді пайдалана білген. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 241 дереккөздің болуы айқындайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда фольклортану, түркі фольклоры, салыстырмалы фольклортану, салыстырмалы әдебиеттану, этномәдениеттану салаларындағы
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			зерттеулер қатарын толықтыра алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Бұл еңбекті ЖОО ұйымдарында фольклор, түркі фольклоры, салыстырмалы әдебиеттану сынды арнайы курстар, семинарлар мен факультативтерде қолдануға болады. Аталған ғылыми зерттеу жұмысын теориялық әрі практикалық материал ретінде қолдану мүмкіндігі кең. Сонымен қатар, жұмыстың ғылыми-практикалық нәтижелерін фольклортану, түркі фольклоры, этномәдениеттану бағыттарында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарда, түрлі мәдени жобаларда басшылыққа алуға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтып, фольклорлық мұраны жаңғырту мен насихаттауға тың серпін береді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын нормативтік талаптарға сай орындалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысты техникалық рәсімдеуде кемшіліктер

			және орфографиялық қателіктер кездеседі. Дегенмен бұл ескертпелер зерттеу жұмысының жалпы ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді деп санаймын.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 11 мақала: Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 1, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесінде – 2, халықаралық конференцияларда – 8 мақала жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша Кенжеқожаева Ақботаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Бас директоры, филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА академигі **Матыжанов К.С.**